

1994 жылы туылған азаматтарды әскерге шақыру учаскесінде тіркеуге алуды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Алматы облысы Ақсу ауданы әкімінің 2010 жылғы 20 желтоқсандағы N 3 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Ақсу ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 21 қаңтарда N 2-4-126 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабының 1-тармағы 13)-тармақшасына, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 05 мамырдағы "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережесін бекіту туралы" N 371 қаулысына сәйкес, азаматтарды әскери есепке қою, олардың санын, әскери есепке жарамдылық дәрежесін және мамандығын белгілеу, дене даярлығы деңгейін анықтау, әскерге шақырылушыларды алдын ала белгілеу мақсатында Ақсу ауданының әкімі **ШЕШІМ**
Е Т Е Д І :

1. 2011 жылғы қаңтар – наурыз айларында 1994 жылы туылған және бұрын шақыру учаскесінде тіркеуден өтпеген ересек азаматтарды Жансүгір кенті, Буланова көшесі, 1 мекен-жайында орналасқан шақыру учаскесіне "Ақсу аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі арқылы тіркеу ұйымдастырылсын және
қ а м т а м а с ы з е т і л с і н .

2. Кенттердің, ауылдық (селолық) округтердің әкімдері және ұйымдардың басшылары жыл сайын белгіленген мерзімде Ақсу аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне тіркелуге жататын әскер жасына дейінгілердің тізімін
б е р с і н .

3. Ақсу ауданы әкімінің 2009 жылғы 25 желтоқсандағы "1993 жылы туылған азаматтарды әскерге шақыру учаскесінде тіркеуге алу туралы" N 3 (Ақсу аудандық Әділет басқармасында нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 12 ақпанда тіркелген нөмірі 2-4-104, аудандық "Ақсу өңірі" газетінің 2010 жылғы 24 ақпандағы N 9/9496 санында жарияланған) шешімі күші
ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қорғанбаев

Сабит Бейсенбекұлына жүктелсін.

5. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ә. Дүйсембаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК